

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

Lesson Study



«Жоспарлау, оқыту, бағалау» тақырыбындағы
облыстық вебинар

АҚТАУ ҚАЛАСЫ
2023 ЖЫЛ



БҰЙРЫҚ

«28» ақпан 2023 жыл
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 65-НҚ
город Актау

Информатика пәні мұғалімдерінің қауымдастығының «Жоспарлау, оқыту, бағалау» тақырыбындағы облыстық вебинар өткізу туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №583 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 02 наурыз күні информатика пәні мұғалімдерінің қауымдастығының «Жоспарлау, оқыту, бағалау» тақырыбындағы облыстық вебинары өткізілсін (бұдан әрі – Вебинар).

2. Бекітілсін:

1) Вебинар бағдарламасы (1-қосымша);

2) Вебинарды ұйымдастыру құрамы (2-қосымша);

3. Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне:

Спикерлердің жұмыстары 2023 жылдың 1 наурызына дейін білім берудің оқу-әдістемелік орталығының umco.aktau@mail.ru поштасына жіберілсін.

4. Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының жаратылыстану-математика бөліміне:

Вебинарды тиісті деңгейде ұйымдастырып, сапалы өткізу жауапкершілігі тапсырылсын.

5. Бұйрықтың орындалысын бақылау өзіме қалдырамын.

Директордың м.а.

Ж.Жұмабаева

000125

**Информатика пәні мұғалімдерінің қауымдастығының
«Жоспарлау, оқыту, бағалау» тақырыбындағы облыстық
вебинар
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Өткізу күні: 2023 жылы 02 наурыз, сағат 16.00

Өту форматы: вебинар, ZOOM платформасында

Қатысушылар саны: 100

Мақсаты: Оқыту мен оқу үдерісін жетілдіру және дамыту мақсатында Lesson Study тәсілін пайдалану, білім алушылардың бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы және жиынтық бағалаудың талдау парақтарын жүргізу жөнінде бағыт-бағдар беру.

Модератор: Казбекова Айман Темиркуловна, Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының әдіскері.

Уақыты	Спикерлер
15.00-15.05	Алғы сөз. Қиянова Шолпан Орынбасаровна, Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының жаратылыстану-математика бөлімінің жетекшісі
15.05-15.20	Жеткізгенова Кунжаксы Таубаевна, «Бейнеу гимназиясы» КММ-нің информатика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші <i>«Lesson Study зерттеу сабағын жоспарлау және өткізу»</i>

15.20-15.35	<p>Мамиева Джамал Германовна Ақтау қаласының «Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейінің» информатика пәнінің мұғалімі, педагог-модератор</p> <p><i>«Зерттеу сабағындағы талқылау кестелері»</i></p>
15.35-15.50	<p>Султанбаева Жемис Баламуратовна, Ақтау қаласы №30 жалпы білім беретін мектебінің информатика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші</p> <p><i>«Бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын өткізу»</i></p>
15.50-16.05	<p>Сабиева Маржан Туребаевна, Жаңаөзен қаласы № 9 жалпы білім беру мектебінің информатика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы</p> <p><i>«Тоқсандық жиынтық бағалауды жүргізу»</i></p>
16.05-15.10	Пікір алмасу. Қорытындылау.

Ұйымдастыру алқасының құрамы:

Жұмабаева Жеміскүл Жеткізгеновна	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының директорының орынбасары;
Қиянова Шолпан Орынбасаровна	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының жаратылыстану- математика бөлімінің жетекшісі;
Казбекова Айман Темиркуловна	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының әдіскері;
Жамиева Гулдана Муратовна	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының әдіскері;
Жеткізгенова Кунжақсы Таубаева	«Бейнеу гимназиясы» КММ- нің информатика пәні мұғалімі, облыстық қауымдастық жетекшісі;

Lesson Study зерттеу сабағын жоспарлау және өткізу.



Жеткизгенова Кунжаксы Таубаевна
«Бейнеу гимназиясы» КММ-нің информатика пәні
мұғалімі, педагог-зерттеуші

Қазіргі еліміздің білім бағдарламасындағы жасалынып жатқан реформалар-сапалы, бәсекеге қабілетті, заман ағысына ілесе алатын, білімді жастарды қалыптастыру. Осы жолда біздің ұстаздарымыздың атқаратын істерінің көп екендігі анық. Ал ұлттың мықты болып қалыптасуына, жастардың ояу, білім-ғылым жолында талмай еңбек етуге жетелейтін қазіргі ұстаздардың талмай еңбек ету арқасына да болмақ. Сондықтан да алдымызда отырған әрбір шәкірттің білімі, мінезіне жіті мән беріп, артта қалып бара жатқан шәкірттерді қолдау көрсету арқылы жетелеп, көз ілестірмес жылдамдықпен дамып келе жатқан заман ағымына қоса білуіміз керек.


Осы мақсатта-мұғалім тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттегі зерттеудің ерекеше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл – Lesson Study зерттеу сабағы. Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге: әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге, оқушыларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге мүмкіндік туғызады.

Енді, осы сабақты зерттеу қалайша жүзеге асырылатындығына тоқталайық.

Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында

табысты қолданылады. Lesson Study өткізу барысында топта (немесе жұппен) жұмыс істейтін мұғалімдер:

- Өздері күнделікті жинаған материалдары мен жүйелі бағалау деректерін оқушылардың оқу мен даму басымдықтарын белгілеу үшін қолданады.
 - Алдағы уақытта әзірленетін немесе жетілдірілетін, белгіленген міндеттерге жауап беретін оқыту әдістемесін бірлесіп анықтайды (1-суретті қараңыз).
 - Үш «бақылаудағы оқушыны» анықтайды, олар әрқайсысы сыныптағы белгілі бір топтың өкілі болуы қажет, мысалы, оқу үлгерімінің деңгейі жоғары, орта, төмен оқушылардан.
 - Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлап, сабақты өткізу барысында зерттелетін үш оқушыны үнемі назарға ала отырып, оқыту әдістемесін пайдаланады және оның нәтижелерін мұқият зерттейді.
 - Бақылаудағы оқушылардың дамуы мен оқуына басты назар аудара отырып, Lesson Study өткізеді және оны қадағалайды. Аталған үдерістер бірнеше сабақ бойы қайталанып, жетілдірілуі мүмкін. Бақылауды барлық Lesson Study кезінде жүргізу міндетті емес.
 - Бақылаудағы оқушылардың Lesson Study туралы ойларын білу үшін олармен сұхбаттасады.
 - Lesson Study-ді талқылайды.
 - Қолданылатын әдіске бақылаудағы оқушылардың қалай қарайтынын, олардың жеткен жетістіктерін, оқуда көрсететін нәтижелері мен кездесетін қиындықтарын білу, сонымен қатар алынған тәжірибені келешекте оқыту мен оқу әдістемесін әзірлеу үшін пайдалану мақсатында Lesson Study-ге талдау жүргізеді.
 - Мектеп мұғалімдеріне таныстырылым жасау немесе коучинг өткізу арқылы Lesson Study тәсілін қолдану нәтижелерін көпшілік қауымға ұсынады.
- Lesson Study тәсілі кем дегенде үш Lesson Study-ден тұратын циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлап, оқытып/қадағалайды және талдайды.



Ұсынылатын іс-әрекеттер

Мектепте жаңа кәсіби оқыту әдісін енгізу ұнайтын бір топ мұғалімді іріктеп алыңыз (үш адам болғаны қолайлы болмақ). Бұл топтың құрамына басшылық өкілі мен бай тәжірибесі бар мұғалім қатысса, Lesson Study тиімді болады. Күтілетін нәтижелерді анықтап, топ мүшелерінде өздерін сырттан қатаң бақылауға алынғандай сезім тудырмай, кідірместен «тәуекелге бел бууға»

мүмкіндік беретін негізгі ережелерді белгілеу мақсатында мәжіліс өткізіңіз. Lesson Study барысында топтың барлық мүшелерінің кәсіби білім алушы ретінде мәртебесі тең болады. Белгілі бір мектептің, сыныптың немесе белгілі бір жас мөлшеріндегі топтың қажеттіліктері негізінде қаралатын мәселені белгілеп алыңыз, мысалы: топтық жұмыс арқылы оқыту үшін пікірталасты қолдану қағидаттары.

Сабақтарды жоспарлауда, бақылауда және талдауда Lesson Study-дің жалпы нысандарын пайдаланыңыз (үлгілері осы кітапшада берілген). Бірінші Lesson Study-ді жоспарлау үшін мұғалімдерге арнайы уақыт бөліңіз (кем дегенде бір сағат).

Lesson Study кезінде олардың уақытын бағалаңыз және Lesson Study аяқталғаннан кейін бірден немесе көп уақыт өткізбей талқылау жүргізуді қамтамасыз етіңіз.

Жұмыс барысына белсенді түрде қызығушылық танытыңыз.

Lesson Study-ді жүргізетін топқа өз нәтижелерін әріптестеріне көрсетулері үшін арнайы мүмкіндік ұсыныңыз (педагогикалық кеңес, коучинг және т.б.).

Топтың бұл мүшелерін келесі Lesson Study-ді өткізу үшін жаңа топты ұйымдастыруда педагогикалық ұжымның көшбасшылары ретінде пайдаланыңыз.

Бірінші Lesson Study-ді жоспарлау және «бақылаудағы» оқушыларды анықтауда ұсынылатын іс-әрекеттер: Бірінші Lesson Study-ді қандай сыныпта өткізетіндігіңізді анықтап алыңыз, содан кейін әртүрлі білім алушы топтың шынайы өкілі болып табылатын үш оқушыны: жалпы дағдылар немесе жекелеген пәндер үшін қажетті дағдылар бойынша сыныпта оқитын оқушылардың ішінен жоғары, орта, төмен көрсеткіштері бар топтардың үш өкілін таңдап алыңыз.

Lesson Study бағытында жұмыс істейтін әрбір оқушының деңгейін анықтап алыңыз.

Lesson Study-дің аяғында әр оқушыдан қандай нәтиже күтетініңіз туралы қысқа да нұсқа жазып алыңыз. (Сізге 1 суреттегі

жоспарлау сызбасын пайдалануға болады).

Өзіңіз жетілдіргіңіз келетін немесе пайдалануды жоспарлап отырған оқыту әдісінің қолданылу ретіне назар аудара отырып, сабақтың әр кезеңін жоспарлаңыз.

Бақылаудағы әрбір оқушыдан қандай реакция күтетіңізді жазып отырыңыз: өзінің тақырыпты игеру қарқынын көрсету үшін әр оқушы әрбір кезеңде не істейді.

Қандай ресурстар қалай қолданылатындығын және тақтада не жазатыныңызды барынша дәл анықтап алыңыз, әрбір кезең үшін уақыт шеңберін белгілеңіз.

Бақылаушылар арасында кім қай бақылаудағы оқушыны (оқушыларды) қадағалайтынын келісіп алыңыздар. Барлығы екі оқушы қадағалап, үшінші оқушы назардан тыс қалмайтынына сенімді болыңыз.

1-суретте Lesson Study-ді жоспарлау сызбасы ұсынылған. Оны пайдалану үшін А3 форматына дейін үлкейту қажет. Сабақтың басында Lesson Study тобының әрбір мүшесінде сызбаның көшірмесі болу керек, өйткені олар бақылау барысында оған түсініктемелерін жазып отырып, кейін талқылау кезінде өз жазбаларына сүйене алады.

Бірінші Lesson Study-ді өткізу үдерісі. Lesson Study-ді жоспарлау үшін келесі бетте ұсынылған сызбаны қолданыңыз. Оны А3 форматына дейін үлкейткен абзал болады. Сызбаны, сонымен бірге, (көшірмесі жасалып, Lesson Study-дегі бақылаушыларға берілсе) бақылау картасы ретінде де қолдануға болады және Lesson Study-ден кейінгі талқылау барысында негізгі материал бола алады.

Бақылаудағы оқушылар жұмыс істеп отырған кезеңдерді бірлесіп бағалауға ерекше назар аударыңыз. Сіз оқушылардың жетістіктерін бағалау материалдарын қолдана аласыз. Топ мүшелерінің бақылаудағы оқушылардың әрқайсысы бойынша сабақ соңына қарай нені істей білетінін және дәлелдеме ретінде нені көргісі келетіндігін нақты жазып отырғаны өте маңызды.

Lesson Study бірлесіп жоспарланатындықтан, ол топтың бірлескен меншігі болып табылады. Бұл бақылаушылардың мұғалімге емес, бақылаудағы оқушыға (оқушыларға) көп көңіл бөлетіндігін білдіреді. Олар әрбір бақылауды бақылаудағы оқушыға ғана негіздей отырып бастауға тырысып, кейіннен бақылау аясын кеңейту арқылы топтың немесе толық сыныптың қамтылуына ұмтылуы керек.

Бақылаушылар бақылаудағы оқушылардың сабақтың әр түрлі кезеңіндегі жауаптарын белгілеп отырып, осы кезеңде жоспарланған нәтижеге сәйкестігін немесе одан алшақтығын ескеріп отырулары қажет. Екіталай жағдай туындаса, оларды да ескеру қажет. Егер барлығына бірдей жағдай орын алса (мысалы, барлық оқушы бір нәрсені дұрыс түсінбесе), оны оң жақ бағанға белгілеңіз.

Мүмкін болса, әрбір түсініктеменің уақытын белгілеп отырыңыз.

Қорытындылай келе, жоспарланған нәтижемен салыстыра отырып, әр оқушының ілгерілеуінің дәлелдемесін анықтап, олардың күтілетін нәтижеге қаншалықты жеткенін белгілеңіз. Бақылаудағы оқушылар (топтар немесе сынып) үшін келесі сабақтың негізгі кезеңдері қандай болмақ? Оларға сабақтан кейін қандай сұрақ қоя алар едіңіз? Оларды парақтың соңындағы «алғашқы ойлар» деген жолға жазып қойыңыз.

1-кесте. Сабақты жоспарлау, бақылау және талқылау кестесі

Пән	Сабақтың тақырыбы				Мұғалім/бақылаушы		
Осы Lesson Study-дегі оқу мақсаты қандай (ол тізбектелген сабақтар топтамасының бір бөлігі болуы мүмкін).							
Осы Lesson Study-де қандай әдістемені жетілдіруді/зерттеуді мақсат етіп қойдыңыз?							
Ағымдағы жетістіктер мен табыс критерийлері Олардан сабақ соңында белгілі бір аспекті бойынша қандай нәтиже күтетінін білісіңіз.	Бақылаудағы А оқушы..... Осы оқушыға арналған табыс критерийлері		Бақылаудағы В оқушы Осы оқушыға арналған табыс критерийлері		Бақылаудағы С оқушы Осы оқушыға арналған табыс критерийлері		
Тізбектелген сабақтар топтамасының кезеңі	А оқушы(лар) қалай жауап береді деп күтесіз	Жауап беру кезінде олар(ар) қалай бағыланды	В оқушы(лар) қалай жауап береді деп күтесіз	Жауап беру кезінде олар(ар) қалай бағыланды	С оқушы(лар) қалай жауап береді деп күтесіз	Жауап беру кезінде олар(ар) қалай бағыланды	Мысалдар / сұрақтар
Кезең ... (шамамен жұмсалатын уақыт)							
Кезең... (шамамен жұмсалатын уақыт)							
Қорытынды кезең ... (шамамен жұмсалатын уақыт)							
Оқушылар нені істей алды? (Олар қандай нәтижелерге жетті және оның қандай дәлелдері бар?)							
Алғашқы ойлар							

Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:

- әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;

- мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;

- оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;

- Lesson Study-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын

мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға;

- Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.

Lesson Study тәжірибелі мұғалімдермен қатар, еңбек жолын жаңа бастаған мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырамыз. Бұл жағдайда біз оқыту аспектілерін өзіміздің ұстанымымыз тұрғысынан ғана емес, Lesson Study дайындаған әріптестеріміздің көзімен де қарастырамыз, соның нәтижесінде біз Lesson Study барысында бақылаған нақты сабақты өзіміздің жоспарлаған сабағымызбен салыстырамыз. Бұл біздерге өзіміз әдетте мән бермейтін, елемейтін, әдетте «шеттетіп тастайтын» немесе болжамды білім ретінде сақталып қалатын нәрселерді аңғаруымызға түрткі болады.

Lesson Study тәсілін пайдаланатын көптеген адамдардың айтуынша, зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле отырып, біз өз оқушыларымыздың әрбіреуін анағұрлым жақсы тани бастаймыз. Демек, мықты және нашар оқушылардың аралығындағы «орташа» сыныпты оқытуға қарағанда, Lesson Study мұғалімге өз жұмысын болмашы ақпаратпен шамадан тыс жүктемей, барлығынан хабардар болып, өмір бойғы тәжірибесінде әрбір оқушының қажеттілігін ескеріп отыруға мүмкіндік береді.

Lesson Study тобына көмек көрсету үшін озат мұғалімдер мен кеңесшілерді шақыруға болады. Олар:

- ☐ Lesson Study басталмастан бұрын мектепте басқа мұғалімдерге әдістемені көрсете алады.

- ☐ Lesson Study үдерісін жоспарлау және оған өз ойлары мен ұсыныстарын енгізу барысында Lesson Study тобына қосыла алады.

- ☐ Lesson Study тобымен бірлесіп, олар дайындаған Lesson Study-ді талқылап, педагогикалық әдісті әзірлеу тәсілдері туралы ұсыныс енгізе алады.

□ (Тиісті құзыр берілген) бақылаушы ретінде Lesson Study-ге және оқушылар пікіртеріміне қатысып, сабақ қорытындыларын талқылауға атсалыса алады.

Жетекші пән мұғалімдері өздері Lesson Study цикліне қатысып, мектепте көшбасшы болатын болса, олар да осы сияқты рөлді атқара алады.

Мұғалімдер оқытудың белгілі бір тәсілдерін қолданатындығын растайтын портфолио құру немесе кәсіби/ғылыми біліктілік алу мақсатында осы әдісті қолданған жағдайда Lesson Study тәсіліне деген қызығушылық артып, оның құндылығы кеңінен мойындалар еді.

Зерттеу сабағындағы талқылау кестелері



Мамиева Джамал Германовна

Ақтау қаласы, «Н.Марабаев атындағы №7 мектеп-лицейі» КММ-нің, информатика пәнінің мұғалімі, педагог-модератор

Соңғы жылдары Қазақстандағы білім беру жүйесінде көптеген оңды өзгерістер орын алды. Мұғалімдер мектептерге осы өзгерістерді енгізуде басты рөл атқарады. Заманауи мұғалім оқушыға білім мен тәлім-тәрбие берумен шектелмей, өз тәжірибесіне зерттеу жүргізумен де айналысады.

Іс-әрекетті зерттеудің 70 жылдан астам тарихы бар болғанымен, ол Қазақстан мектептеріне алғаш рет 2013 жылы енгізілді. Іс-әрекетті зерттеуді жүргізуде Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері белсенділік танытады. Олар осы зерттеу түрінің мұғалімнің кәсіби өсуіне деген ықпалының мол екенін байқаған. Іс-әрекетті зерттеумен айналысатын мұғалімдер мемлекет ішіндегі және шет елдерде өткізілетін

конференцияларға қатысып, өздерінің зерттеу нәтижелерін таныстырып жүр. Олардың зерттеуі негізінде жазылған есептері мен мақалалары білім беру журналдарында жарық көреді.

Іс-әрекетті зерттеу - мұғалімдердің бірлесіп жұмыс жасауы мен сұрақ қоя білу дағдысын дамытуға бағытталған зерттеу әдісі. Мертлер өз кітабында іс-әрекетті зерттеудің мұғалімге беретін бес түрлі пайдалы жақтарын анықтаған. Біріншіден, мұғалімдер сыныптарында туындаған мәселелердің шешімін таба алады. Екіншіден, іс-әрекетті зерттеуді кез келген уақыттан бастап жүргізуге болады және мұғалімдер зерттеу нәтижелеріне қысқа мерзім ішінде қол жеткізеді. Үшіншіден, мұғалімдер өз тәжірибесін жақсы түсіне алады және жақсартады. Төртіншіден, іс-әрекетті зерттеу әріптестер арасындағы кәсіби ынтымақтастықты нығайтады. Бесіншіден, іс-әрекетті зерттеу арқылы мұғалімдер туындаған сұрақтар мен мәселелерге басқаша көзқараспен қарап, өз тәжірибесін жақсартудың жаңаша тәсілдерін анықтайды.

Қазақстан мектептеріндегі мұғалімдердің іс-әрекетті зерттеу практикасына жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде олардың зерттеу жүргізуде біршама қиындықтарға тап болатыны анықталды. Зерттеу туралы теориялық және практикалық білімнің аздығы, ресурстардың көбінесе ағылшын тілінде берілуі, рефлексиялық және зерттеушілік дағдылардың толық қалыптаспауы мұғалімдердің іс-әрекетті зерттеумен айналысуына кедергі келтіреді.

ІС-ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУДІ КІМДЕР ЖҮРГІЗЕ АЛАДЫ?

Іс-әрекетті зерттеуді:

- мұғалім

- мұғалімдер тобы
- әдістемелік бірлестіктегі барлық мұғалімдер
- мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер бірлесіп жүргізе алады.

Іс-әрекетті зерттеумен айналысу үшін мұғалімге не қажет?

Іс-әрекетті зерттеумен айналысу үшін мұғалімге үш нәрсе өте қажет. Олар:

- Уақыт. Зерттеуге күніне кемінде бір сағат уақытыңызды арнаңыз. Бұл бір сағат күнделікті жоспарыңызда міндетті түрде болу керек.
- Күш-қуат. Зерттеу жүргізуге деген күш-қуат қызығушылықпен бірге келеді. Сондай-ақ, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу, т.с.с. денсаулыққа маңызды әрекеттерді жасап жүруді әдетке айналдырған жөн. Әріптестеріңізбен зерттеу жұмысыңыз туралы сөйлесу де зерттеуге деген күш-қуатыңызды арттыра түспек.
- Өз зерттеуіңізге деген қызығушылық. Сіз зерттейтін тақырып (мәселе) өзіңіз үшін өзекті болғаны жөн. Ол Сізді мазалап жүрген, Сіз шынымен шешімін тапқыңыз келетін мәселе болуы қажет. Сол кезде ғана зерттеу жұмысыңыз Сіз үшін маңыздылығын жоғалтпайды. Сіздің зерттеу жұмысыңыздың өзіңізге, оқушыларыңызға және мектепке беретін пайдасы өте зор. Осыны да ұмытпағайсыз.

ІС-ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУДІ ЖҮРГІЗУДЕГІ ҚАДАМДАР:

1. ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫН АНЫҚТАУ
2. ЗЕРТТЕУ СҰРАҒЫН ҚҰРАСТЫРУ
3. ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ ЖАСАУ
4. ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ
5. МӘЛІМЕТТЕР ЖИНАУ

6. ЖИНАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАЛДАУ

7. ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖОСПАРЛАУ

8. ЖОСПАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

9. НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ

10. ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ҚАҒАЗ БЕТІНЕ ТҮСІРУ

Көптеген зерттеушілер зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының негізінде мақала жазудан қиналады. Іс-әрекетті зерттеудің нәтижесін ғылыми мақала ретінде жазудың еш қажеті жоқ. Зерттеу жұмысыңызды төмендегі аспектілер бойынша жүйелеп, берілген сұрақтарға толық жауап беру арқылы жазу жеткілікті. Олай болса, әр қадамды қарастырып кетейік.

Кіріспе бөлімі

- Сіздің зерттеуіңіздің негізгі фокусы (тақырыбы) қандай? Сізді осы зерттеуді жүргізуге не итермеледі?
- Сіздің осы тақырыпқа деген қызығушылығыңыздың себебі неде? Сіз не туралы білгіңіз келеді?
- Сіздің зерттеуіңіздің мақсаты қандай? Сіз қандай зерттеу сұрақтарына жауап тапқыңыз келеді? Не нәрселерге қол жеткізгіңіз келеді? Неге?
- Сіз зерттеу тақырыбыңызды кімдермен талқыладыңыз? Олардың ойлары қандай болды?
Әдебиетке шолу жасау
- Сіздің зерттеу тақырыбыңыз бойынша осыған дейін қандай зерттеулер жүргізілді? Ол зерттеулерде зерттеушілер не нәрсеге қол жеткізді?
- Басқа зерттеушілердің қол жеткізген нәтижелері Сіздің зерттеуіңізбен қалай байланысты? Солардың зерттеу нәтижелерін Сіз өз зерттеуіңізде қалай пайдалана аласыз?

- Сіз зерттеп жатқан тақырып аясындағы концептілердің анықтамалары мен түсініктемелеріне көп тоқталудың қажеті жоқ. Екі-үш сөйлем арқылы түсініктеме беру жеткілікті. Мысалы, Сіз бағалау туралы зерттеу жүргізіп жатырсыз. Бағалаудың тарихына және анықтамаларына терең үңілудің орнына, бағалау бойынша жүргізілген зерттеулердің қорытындылары мен нәтижелеріне талдау жасаңыз.

Зерттеу контекстіне сипаттама беру

- Сіздің зерттеуіңіз қайда жүргізілді? Мәліметтер жинау қайда жүзеге асты?
- Сіз зерттеу жүргізген сыныпта неше оқушы бар? Сыныптағы жалпы ахуал қандай? Оқу бағдарламасының ерекшеліктері қандай (мысалы, оқушының қандай дағдыларын дамытуға көңіл бөлінеді, т.б.)?
- Зерттеуге кімдер қатысты? Зерттеуге қатысушыларды қалай таңдадыңыз? Қатысушыларға қысқаша сипаттама (олардың жасы, қабілеті, тәртібі, уәжі, т.б.) беріңіз.
- Сізде сыншы дос болды ма? Ол кім? Оның Сіздің зерттеудегі ролі қандай болды?
- Сіз зерттеуге қатысушылардан немесе олардың ата-аналарынан зерттеуге қатысуға келісімдерін алдыңыз ба? Сіз зерттеуге қатысушы оқушыларды қауіп-қатерден қалай қорғадыңыз?

Мәліметтерді жинау және талдау

- Сіз қандай мәлімет жинау әдістерін пайдаландыңыз? Сіздің осы әдістерді таңдауыңыздың себебі неде? Мысалы, Сіз неге сауалнама алдыңыз? Неге интервью емес?

- Әр зерттеу әдісі бойынша Сіз не жасадыңыз? Сіз мәліметтерді қалай, қашан және қаншалықты жиі жинап отырдыңыз?
- Сіз мәліметтерге қалай талдау жасадыңыз? Жиналған мәліметтерге талдау жасау үшін Сіз қандай әрекеттер жасадыңыз?
- Мәліметтерден алынған нәтижелердің дұрыстығына қалай көз жеткізе алдыңыз?
- Зерттеуді қанша уақыт жүргіздіңіз?

Әрекеттерді сипаттау

- Сіздің проблеманы шешудегі жоспарыңыз қандай болды? Сіз не себепті дәл осы жоспарды іске асыруды шештіңіз?
- Сіз қандай әрекеттер жасадыңыз? Неге? Жасалған әрекеттер қандай нәтиже берді?
- Әрекеттердің сәтті және сәтсіз тұстарын анықтаңыз. Зерттеу үнемі оң нәтижелер бере бермейді. Сәтсіздіктер туралы жазудан қорықпаңыз.
- Зерттеу барысында жоспарыңызға (әрекеттеріңізге) қандай өзгерістер енгіздіңіз? Осы өзгерістерді енгізуге не түрткі болды?

Нәтижелерді баяндау

- Сіз жасаған әрекеттеріңізге рефлексия жүргіздіңіз бе? Рефлексияның нәтижелерді түсінуге қаншалықты пайдасы тиді?
- Зерттеудің негізгі нәтижелері қандай? Осы нәтижелерді растайтын қандай мысалдар келтіре аласыз?
- Нәтижелерді сипаттау үшін мәліметтер мен мысалдарды тақырыптар бойынша жинақтаңыз. Әр тақырыптың астына мәліметтерден алынған ақпаратқа түсініктеме беріп, қажетті және орынды мысалдарды енгізіңіз. Мысалдар ретінде оқушылардың интервью және

сауалнама жауаптары, бақылау жазбалары, рефлексивті журналдағы жазбалар, оқушының рефлексивті жазбалары, т.б. мәліметтерді пайдаланыңыз.

- Бастапқы мәліметтер мен зерттеу соңындағы мәліметтерді талдау нәтижелерінің арасында қандай айырмашылықтар бар? Ілгерушілік байқалады ма? Қандай?
- Зерттеу қорытындыларын жиналған мәліметтер негізінде жасаңыз. Ауқымды немесе зерттеу аясынан тыс тұжырымдамалар жасамаңыз.
- Зерттеу сұрақтарын қайта оқыңыз. Сіз барлық зерттеу сұрақтарының жауабын таптыңыз ба? Сұрақтардың барлығы толық жауап табуы қажет.

Қорытынды жасау

- Зерттеудің оқушылар үшін қандай пайдасы болды? Олар Сіздің зерттеуіңіздің нәтижесінде неге қол жеткізді?
- Зерттеу нәтижелері зерттеу қатысушыларына, басқа оқушылар, мұғалімдер және зерттеушілерге не береді?
- Осы зерттеу жұмысы Сіздің тәжірибеңізді қалай өзгертті? Ол Сіздің қандай дағдыларыңыздың дамуына үлес қосты? Сіз оқыту тәжірибеңіз және оқушыларыңыздың оқуы жөнінде қандай қорытындыға келдіңіз?
- Осы зерттеудің аясында қандай жаңа сұрақтар пайда болды? Осы сұрақтар негізінде Сіздің келешектегі әрекеттеріңіз қандай болмақ?
- Сіз келешекте өз тәжірибеңізде нені өзгертуді жоспарлап отырсыз?

Қосымшалар

- Баяндамаңыздың соңына сауалнама және интервью сұрақтарын, сабақты бақылау парағын, т.б. зерттеу барысында қолданылған құжаттардың үлгілерін орналастырыңыз.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын өткізу



Султанбаева Жемис Баламуратовна
Ақтау қаласы «№ 30 ЖББМ» КММ-нің
информатика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Информатика пәні бойынша бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмыстары 5-11 сынып оқушыларынан, әрбір тоқсанда оқытылатын бөлімдер бойынша жүргізіледі. Аталған сыныптарға алынатын БЖБ саны оқу жылының басында жарық көретін әдістемелік нұсқау хатта көрсетіледі. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың нормативтік талаптарына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалаудың саны Бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәнінен бөлімдер мен тоқсан бойынша жиынтық бағалаулар жүргізілмейді. Жартыжылдықтар соңында «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша «есептелді» («есептелмеді») қойылады. Білім алушы оқыту мақсаттары бойынша практикалық тапсырмаларды орындаған жағдайда «есептелді» қойылады. Пәннің оқу бағдарламасы бойынша 6, 7, 8, 9-сыныптарда 3-тоқсанда бір ғана «Phyton программалау тілінде программалау» бөлімі оқытылады. Білім алушылардың бөлім бойынша оқу мақсаттарын игеру деңгейлерін нақты анықтау үшін аталған бөлім бойынша екі жиынтық бағалау өткізу ұсынылады. 2022-2023 оқу жылында жүргізілетін БЖБ саны төмендегідей болды.

Сынып	Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
5 сынып	1	1	2	1
6 сынып	1	1	1	1
7 сынып	2	1	1	1
8 сынып	2	1	1	1
9 сынып	2	1	1	1
10 сынып ҚГБ	2	1	1	1
11 сынып ҚГБ	1	1	2	1
10 сынып ЖМБ	2	1	1	1
11 сынып ЖМБ	1	2	2	1

Назарларыңызға, 5-сынып оқушыларынан 3-тоқсанда алынған «Робототехника» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын ұсынамын.

Оқу мақсаты	5.3.1.1 роботтардың түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салаларына мысал келтіру; 5.3.2.2 гироскопиялық датчиктің жұмыс істеу принципін түсіндіру; 5.3.2.4 роботтың бұрыштық биімділігін анықтау үшін бағдарламалар жасау
Бағалау критерийі	қолдану салаларының мысалы арқылы роботтардың түрлерін анықтайды; гироскопиялық датчиктің жұмыс істеу принципін түсіндіреді; бағдарлама бойынша роботтың бұрыштық биімділігін сипаттайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі	қолдану

Тапсырмалар

Бос орынға тиісті роботтарды қолдану салаларын жазыңыз.


1. i) _____ - хирургиялық ота жасау, тамырға дәрі жіберу, массаж және т.б. жұмыстарға қолданады. Оның көмегімен бірнеше хирургиялық-операторлар, жоғары дәлдіктегі оталар жасалады.

ii) _____ - берілген ақпаратты дауыстап оқиды, бірнеше тілде сөйлейді, тапсырмалар бере алады. Білім алушыларды ынталандыру, сыныпты басқару сияқты қызметтерді атқарады.


iii) _____ - ауыр жұмысты жеңілдетіп, көмекші қызметін атқарады. Сонымен бірге бөлмелерді тазалайды, киімдерді жуып, бөлмелерді ылғалдандырып, салқындата алады.

2. Сурет бойынша гироскопиялық датчиктің командалық блогы және режимдерін реттілікпен орналастыр.

	Шығару
	Өлшеу деректерін енгізу.
	Датчикті жалғау порты
	Жұмыс режимін таңдау.



3. Берілген бағдарлама бойынша роботтың қозғалысын сипаттаңыз.



3.1 роботтың қозғалуы қандай фигура тәріздес?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
роботтардың түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салаларына мысал келтіреді;	1	роботтың 1-түрін анықтайды.	1
		роботтың 2-түрін анықтайды.	1
		роботтың 3-түрін анықтайды.	1
гироскопиялық датчиктің жұмыс істеу	2	гироскопиялық датчиктің командалық блогы және режимдерінің 1-реттілігін дұрыс анықтайды	1

принципін түсіндіреді;		гироскопиялық датчиктің командалық блогы және режимдерінің 2-реттілігін дұрыс анықтайды	1
		гироскопиялық датчиктің командалық блогы және режимдерінің 3-реттілігін дұрыс анықтайды	1
		гироскопиялық датчиктің командалық блогы және режимдерінің 4-реттілігін дұрыс анықтайды	1
роботтың бұрыштық биімділігін анықтау үшін бағдарламалар жасайды.	3	роботтың қозғалу фигурасын анықтайды	1
		1-программа блогының қызметін сипаттайды	1
		2-программа блогының қызметін сипаттайды	1
Барлық балл саны			10

3.2 көгілдір программа блогының қызметін сипаттаңыз.

3.3 қою қызыл программа блогын сипаттаңыз.

Әрбір тоқсанның соңында алынған БЖБ-ға талдау жүргізіледі. Мақсаты білім алушылардың тоқсанда өтілген тақырыптардың меңгеру деңгейін анықтау. Мысалы, 1-тоқсанда алынған БЖБ талдау парағын ұсынамын.

ЖББ реті	Орындаған күні	Максималды балл	ЖБ балдарының пайыздық мазмұны			Сапа, %	Үлгерім, %
			төмен	орта	жоғары		
			0 – 39 %	40 – 84 %	85 – 100 %		
1	2	3	4	5	6	7	8
			Оқушылар саны				
<i>БЖБ № 1</i>	<i>11.10.2022 ж.</i>	<i>10</i>	<i>0</i>	<i>5</i>	<i>7</i>	<i>100</i>	<i>100</i>

1. БЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың келесі білім деңгейін көрсетті:

Жоғары (Ж): 85-100% *оқушыларды атап жазу керек*

Орташа (О): 40-84% *оқушыларды атап жазу керек*

Төмен (Т): 0-39% *оқушыларды атап жазу керек*

	<i>Қол жеткізілген мақсаттар</i>	<i>Қиындық тудыратын мақсаттар</i>
<i>БЖБ № 1</i>	<i>5.2.1.1 әртүрлі ақпараттың мысалдарын келтіру және ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну</i> <i>5.2.1.2 байланыс арналары, ақпарат көздері және қабылдағыштарының мысалын келтіру</i> <i>5.2.1.3 мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау</i> <i>5.2.1.4 компьютерге арналған барлық ақпарат екілік түрінде ұсынылғанын түсіндіру</i>	

2. Тапсырмаларды орындау кезінде білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбесі:

Қандай қателіктер жібергендігін дескрипторға сүйене отырып сипаттау керек.

3. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларға аталған қиындықтардың себептері:

Тапсырмаларды орындау барысында жіберілген қателіктерге талдау жасалу керек.


Мысалы, 3-тапсырмада енгізу және шығару құрылғыларын, 4-тапсырмада операциялық жүйенің негізгі функцияларын, 6.1.3.1 оқу мақсаты бойынша берілген 6-тапсырмада сымсыз байланыстың ақиқат тұжырымдама-ларын ажырата алмаған.

4. Жоспарланған түзету жұмыстары:

БЖБ нәтижелері бойынша барлық оқушылармен қосымша материал пысықталды, сынып оқушыларымен жүйелі мысал

жаза білу қабілеттерін дамыту үшін әдеби оқулықтарды көбірек оқуға ұсыныс берілді.

Тоқсандық жиынтық бағалауды жүргізу

	Жаңаөзен қаласы «№9 ЖББМ» КММ-нің информатика пәні мұғалімі Сабиева Маржан Туребаевна педагог-сарапшы
---	---

Ізденістегі балаға — көмек көрсетуге және іздегенін тапқан балаға — білінбеуге дайын болыңыз.

Мария Монтеessori

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау талаптары:

- 1) тоқсандық ЖБ тапсырмаларын мұғалім спецификацияға сәйкес құрастыруы тиіс;
- 2) тоқсанның барлық бөлімдері бойынша оқу мақсаттарын қамтиды;
- 3) бір сабақ көлемінде өткізіледі (40 минут);
- 4) бағалау балдары балл қою кестесіне сәйкес қойылады;
- 5) тоқсандық ЖБ нәтижесі бойынша модерация өткізіледі (жазбаша жұмыстар үшін);
- 6) тоқсандық бағаға әсер етеді (50%)

Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

-Жалпы орта білім беру деңгейінің сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы.

-Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған спецификация
«Информатика» пәні сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер

➤ Білу және түсіну:

Білім алушы тапсырманың негізгі идеяларын түсінеді, ұғымдарының мақсаты мен мағынасын білетінін, түсінетінін көрсетеді.

➤ Қолдану:

Білім алушы есепті шешу үшін логикалық өрнектер мен амалдарды қолданады, түрлендіреді, программалық код құрады, практикалық есепті шешу үшін сұрыптау мен іздеу алгоритмдерін қолданады

➤ Жоғары деңгей дағдылары:

Білім алушы ақпаратты үлестіру үшін талдайды, есепті шешудің ең тиімді тәсілдерін сараптайды, артықшылығы мен кемшілігін бағалайды.

Токсандарға ойлау дағдыларының деңгейіне байланысты тексерілетін мақсаттарды бөлу

Токсан	Білу және түсіну	Қолдану	Жоғары деңгей дағдылары
I	50%	38%	12%
II	0%	100%	0%
III	0%	100%	0%
IV	43%	57%	0%
Барлығы	24%	73%	3%

Ойлау дағдыларының деңгейі

Ойлау дағдыларының барлық деңгейлерін дамыту бойынша күтілетін нәтижелерді анықтау үшін қолданылатын етістіктер мұғалімге бағалау критерийлерін құрастыруда көмектеседі.

1.Білу және түсіну: Аудару, есте сақтау, айту, көрсету, аяқтау, қайталау,

әңгімелеу, ескетудің, талқылау, анықтау, айту, сұрау, түсіндіру, тұжырымдау, түрлендіру, көрсету және т. б.

2.Қолдану: қолдану, есептеу, өзгерту, анықтау, іске қосу, зерттеу, эксперимент жүргізу, кескіндеу, түсіндіру, салыстыру, жоспарлау, пайдалану және т. б.

3. Жоғары ретті дағдылар талдау, топтастыру, есептеу, категорияға бөлу, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, талқылау, ажырату, айыру, зерттеу, тәжірибе жасау, түсіндіру, шығару, реттеу, болжау, анықтау, таңдау, бөлу, тексеру және т. б.

Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді.

Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеуге ұсынымдар

- Сыныпта меңгерілген материалды бағалаңыз;
- Оқушылардың кем дегенде 50-70 пайызы жауап бере алатындай немесе күрделілігі орташа тақырыпты таңдаңыз.

Сапала бағалау арқылы оқушылардың үздік нәтижеге қол жеткізуіне сіздің қосар үлесіңіз мол. Сапалы тапсырмалар әзірлеу сіздің қолыңызда. Бағалау тапсырмаларын әзірлеу тәжірибелеріңізге сәттілік тілеймін.

«Информатика» пәнінен тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған спецификация. 10-сынып (жаратылыстану-математикалық бағыт).

Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны – 25 балл

Тапсырма түрлері:

КТЖ – Көп таңдауды қажет ететін тапсырмалар;

ҚЖ – Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ – Толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Бұл нұсқада бірнеше жауаптан таңдауды қажет ететін, қысқа және толық жауапты қажет ететін 10 тапсырма бар.

Бірнеше жауабы бар тапсырмада оқушы берілген жауаптар нұсқасынан тек біреуін таңдайды.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушы жауапты сандық мән түрінде, сөз немесе қысқа сөйлем түрінде жазады.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушы максималды балл жинау үшін тапсырмадағы тізекті әрекеттерді орындай отырып, шешімін табады. Оқушының таңдау және математикалық контекст тізбегіндегі математикалық тәсілдерді қолдана алу қабілеті бағаланады. Тапсырмаларда бірнеше құрылымдық бөлімдер/сұрақтар болуы мүмкін.

3-тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тақырыбы	Тексерілетін мақсат	Ойлаудағыларының деңгейі	Тапсырмасы*	Тапсырма №*	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
Ақпараттық жүйелер	HTML web-сайт тарын әзірлеу әдістері.	10.4.2.1 Web паракшаларды әзірлеуде HTML-тегтерін қолдану	Қолдану	2	1,2	ҚЖ, ТЖ	7	4	2 5
	Мәтінді форматтау (қаріп, абзац, тізімді)	10.4.2.1 Web-парақшаларды әзірлеуде HTML-тегтерін қолдану	Қолдану	2	3,4	ҚЖ, ТЖ	8	4	
	Таблицалар	10.4.2.1 Web-парақшаларды әзірлеуде	Қолдану	1	5	ТЖ	8	6	

	HTML-тегтерін қолдану								
CSS	10.4.2.2 Web парақшаларды жасауда CSS қолдану	Қолдану	2	6,7	ТЖ	4	4		
Мультимедиа енгізу	10.4.2.4 Web-бетте мультимедия нысандарын енгізу үшін HTML тегтерін қолдану	Қолдану	2	8,9	ТЖ	9	6		
Скриптер пайдалану	10.4.2.3 Web-беттерді әзірлеу кезінде дайын скриптерді пайдалану	Қолдану	1	10	ТЖ	4	1		
Барлығы:			10			40 мин	25	25	25
Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер									

10- сынып жаратылыстану-математика бағыты
«Информатика» пәні бойынша
3-тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырмалары

1. Қателерді тауып, түзетіңіз

Қатесі

```

</head>
    </html>
</body>
Бұл құжат басы
    <html>
    Бұл құжат денесі <head>
<body>

```

Дұрысы

```

< html >
    < ..... >
        Бұл құжат басы
    < ..... >
    < ..... >
        Бұл құжат денесі
    < ..... >
< /html >

```

[2]

2. Құжаттың ішкі тақырыбына ең үлкен және ең кіші қаріпті қолданып «Салем» сөзін қосыңыз .

<html>

<body>

</body>

</html>

[2]

3. Қаріптің жазылуының HTML тегін анықтаңыз.

<I>


[2]

4. bgcolor тегтері параметрлерін айырмашылығын жазыңыз.

<body bgcolor= "red">	<body bgcolor="#ff0000">
<input type="text"/>	<input type="text"/>

[2]

5. Үш бағаналы кесте құрыңыз. Мұнда әр бағанадағы сөз <td> </td> тегтеріне орналастырылады.



[6]

6. `< p style = “color:red”>`

Бұл жазба барлық абзацтар қызыл шрифтпен терілетіндігін білдіреді. Мұнда «р» — бұл, color сөзі— хабарландырудың, ал red – мәні.

[2]


7. Құжаттың артқы фон түсін (құжат денесінің) сарыға орнату үшін CSS пайдаланыңыз

`< > body {_..... - color:yellow;} </style>`

[2]

8. Панельге movie.mp4 файлын орналастыру кодын жазыңыз. Медиафайл videoplayback.mp4 файлында жүктелген.

Медиафайл	HTML код
-----------	----------



[3]

9. AUDIO тегінің атрибуттарын анықтаңыз

Атрибут	Сипаттамасы
	ойнату және кідірту түймелері сияқты веб-беттегі басқару элементтерін көрсетеді
	веб-бет жүктелген бойда аудио файлды ойнатады
	аудио файлды қайта ойнатады

[3]

10. Браузерде «Салем әлем!» классикалық жазуы бар модульді терезені бейнелейтін кодты іске қосыңыз

```

<body>
<
  alert ("Салем әлем!");
</script>
</body>

```

[1]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
---	-------	------	-----------------

1	<pre> <html> <head> Бұл құжат басы </head> <body> Бұл құжат денесі </body> </html> </pre>	1 1	<pre> <head>, </body> </pre> <p>жұпты тегтер екенін табады. Код жазу ізбе іздігін біледі</p>
2	<p>Құжаттың ішкі тақырыбына ең үлкен және ең кіші тәсілдерді қолданып «Салем» сөзін қосыңыз .</p> <pre> <html> <body> <h1>Салем</h1> <h6>Салем</h6> </body> </html> </pre>	1 1	<p>h1-ең үлкен h6- ең кіші деңгейлерін қосады</p>
3	<p>Қаріптің жазылуының HTML тегін анықтаңыз.</p> <p> - жартылай қалың <I> - курсивті қаріп пішімдерін табады</p>	1 1	
4	<p>bgcolor тегтері параметрлерін айырмашылығын жазыңыз.</p> <p><body bgcolor= "red"> - қызыл түс атауымен <body bgcolor="#ff0000"> - қызыл түс (он алтылық) баламасы бар html түспен ұсынылған.</p>	1 1	

5	<pre> <html> <head> <title>Кесте</title> </head> <h4>10 сынып оқушылар тізімі</h4> <body><table border=«3»> <td> Аты-жөні </td> <td>Туылған жылы айы күні</td> <td>Мекен жайы</td> </table> </body> </html> </pre>	1 1 1 1 1 1 1	
6	<pre> < p stiyle = “color:red”> Бұл жазба барлық абзацтар қызыл шрифтпен терілетіндігін білдіреді. Мұнда «р» —бұл селектор, color сөзі— хабарландырудың қасиеті, ал red - мәні. </pre>	1 1	«р» —бұл селектор екенін табады color сөзі— хабарландырудың қасиетін жазады
7	<p>Күжаттың артқы фон түсін (күжат деңесінің) сарыға орнату үшін CSS пайдаланыңыз</p> <pre> < style > body {bgcolor - color:yellow;} </style> </pre>	1 1	
8	<p>Панельге movie.mp4 файлын орналастыру кодын жазыңыз. Медиафайл videoplayback.mp4 файлында жүктелген.</p> <pre> <html> <head> <h1>Мультимедияны енгізу</h1></head> <body> <video src="videoplayback.mp4" controls="controls"> </video> </body> </pre>	1 1 1	

	</html>																		
9	<div>9. AUDIO тегінің атрибуттарын анықтаңыз</div> <table><tr><th>Атрибу т</th><th>Сипаттамасы</th><td>1</td><td></td></tr><tr><td>control s</td><td>ойнату және кідірту түймелері сияқты веб-беттегі басқару элементтерін көрсетеді</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>autopla y</td><td>веб-бет жүктелген бойда аудио файлды ойнатады</td><td>1</td><td></td></tr><tr><td>loop</td><td>аудио файлды қайта ойнатады</td><td></td><td></td></tr></table>	Атрибу т	Сипаттамасы	1		control s	ойнату және кідірту түймелері сияқты веб-беттегі басқару элементтерін көрсетеді	1		autopla y	веб-бет жүктелген бойда аудио файлды ойнатады	1		loop	аудио файлды қайта ойнатады				
Атрибу т	Сипаттамасы	1																	
control s	ойнату және кідірту түймелері сияқты веб-беттегі басқару элементтерін көрсетеді	1																	
autopla y	веб-бет жүктелген бойда аудио файлды ойнатады	1																	
loop	аудио файлды қайта ойнатады																		
10	<body> <script type="application/javascript"> alert ("Сәлем әлем!"); </script > </body>	= 1																	
	Барлығы:	25																	

**Информатика пәні мұғалімдерінің қауымдастығының
«Жоспарлау, оқыту, бағалау» тақырыбындағы облыстық
вебинарының
ХАТТАМАСЫ**

2023 жылғы 02 наурыз

№4

Ақтау қаласы

Төраға: Қиянова Шолпан Орынбасарқызы

Хатшы: Казбекова Айман Темірқұлқызы

Қатысқандар: 82 адам (*информатика пәні мұғалімдері*)

КҮН ТӘРТІБІ:

Информатика пәні мұғалімдерінің қауымдастығының «Жоспарлау, оқыту, бағалау» тақырыбындағы облыстық вебинар қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қиянова Шолпан Орынбасарқызы: (*Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының жаратылыстану-математика бөлімінің жетекшісі*)

-Информатика пәні мұғалімдерінің қауымдастығының жоспарына сәйкес «Жоспарлау, оқыту, бағалау» тақырыбындағы облыстық вебинарға қош келдіңіздер! Вебинардың мақсаты: Оқыту мен оқу үдерісін жетілдіру және дамыту мақсатында Lesson Study тәсілін пайдалану, білім алушылардың бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы және жиынтық бағалаудың талдау парақтарын жүргізу жөнінде бағыт-бағдар беру. (*Сөйлейтін сөздер қоса беріледі*).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Терекқызы Н:

- Бүгінгі информатика пәні мұғалімдеріне ұйымдастырылған вебинар жоғарғы деңгейде өтті. Вебинарда үйренген әдіс – тәсілдерді өз тәжірибемде пайдаланамын және әріптестеріммен бөлінісемін. Спикерлерге және ұйымдастырушыларға рақмет айтамын.

Сұрақ: Нурадинова А.

- Зерттеуді тек бір адам жүргізе ала ма?

Жауап: Жеткізгенова К.

- Иә жүргізе алады. Негізі зерттеудің екі түрі бар: әрекетті зерттеу (action research) және сабақты зерттеу (lesson study). Жеке зерттеуде мұғалім сабақты зерттемейді. Ол сабақтағы өзінің іс әрекетін зерттейді: оқытуын, кері байланыс беруін, бағалауын, оқытуда қолданған әдіс тәсілдерін және т.с.с. Ал Lesson study-ді 2-5 мұғалім болып, сабақта фокус топтағы оқушыларға қолданатын әдістің тиімділігін бақылайды: коммуникациялық дағдысының жақсаруына немесе ақпаратты өңдеуіне және тағы басқа. Одан басқа сабақты видеокамераға түсіру арқылы да, зерттеуге болады.

Сұрақ: Дүйсенғалиева Ғ.

- Сабақ беретін сынып оқушыларына зерттеуді өткізу міндетті ма?

Жауап: Мамиева Д.

- Күнделікті өз тәжірибесіне рефлексия жасау және оқушыларын да осы әрекетке бейімдеп, үйрету мұғалімнен үлкен жауапкершілікті қажет ететін үдерістер. Оқушыларының бойына рефлексивті дағдыларды қалыптастыру үшін, бірінші кезекте, мұғалімнің өзі әрекеттері

туралы терең ойланып, олардың ішінде ненің сәтті және сәтсіз болғанын, сәтсіздіктерді келешекте болдырмау үшін қандай іс-әрекеттер жасау қажет екенін анықтай алуы керек. Рефлексияны сабақ үстінде және сабақтан кейін жүзеге асыруды дамыту мұғалімнің зерттеу практикасының шыңдалуына орасан зор үлесін қосады. Себебі рефлексия арқылы мұғалім жаңаша идеялар тудырады. Іс-әрекетті зерттеу барысында мұғалім өзі туындатқан жаңа идеяларын іске асыра алады.

Қиянова Шолпан Орынбасарқызы:

- Бүгін информатика пәні мұғалімдеріне арналған вебинарда өз тәжірибелерімен бөліскен әріптестерімізге көп рақмет айтамыз. Вебинар әріптестеріміздің тәжірибесін толықтыру мақсатында ұйымдастырылды. Қатысушылармен кері байланыс орнатып, ұсыныс–пікірлерін тыңдадым. Болашақта жоспарларымызда қарастыратын боламыз.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Аудандық, қалалық оқу-әдістемелік орталық басшыларына:

1. Вебинарға қатысқан әр қатысушы аудан, қала мектептерінің мұғалімдерімен кері байланыс жасау және әлеуметтік желілерде жариялау;

2. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтердің тәжірибесін тарату мақсатында аудан, қалаларда тәжірибе алмасу семинарларын ұйымдастыру.

Білім берудің оқу-әдістемелік орталықтың информатика пәні бойынша әдіскеріне (А.Казбекова):

1. Өткізілген вебинардың материалдарынан жинақ дайындау (07.03.2023 ж. дейін)

2.Тәжірибесін бөліскен педагогтердің жұмыстарын
әлеуметтік желілерде насихаттау, орталық сайтына
орналастыру. *(03.03. 2023 ж. дейін)*

Төрайым

Ш.Қиянова

Хатшы

А.Казбекова

